

Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың басты және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеу әрі бекіту ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 10 ақпандағы N 159 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 19-1/277 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексі 36-бабының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың басты және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеу әрі бекіту ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті осы қаулының 1-тармағында көрсетілген Ережеге сәйкес су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың басты және бассейндік схемаларын әзірлеуді бастасын.

3. "Суды кешенді пайдалану мен қорғаудың схемаларын әзірлеу және бекіту тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 тамыздағы N 932 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 36, 392-құжат) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

1 0

а қ п а н д а ғ ы

Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың басты және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеу әрі бекіту Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасында су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың басты және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеу, келісу және бекіту тәртібін белгілейді.

2. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар:

су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың басты схемасы (бұдан әрі - басты СРКПҚС) - халық пен экономика салаларының суға перспективалық қажеттіліктерін қанағаттандыру, сондай-ақ су ресурстарын қорғау немесе олардың зиянды әсерлерін болдырмау үшін жүзеге асырылуы тиіс тұтас ел бойынша негізгі су шаруашылығы және басқа да іс-шараларды белгілейтін құжат ;

су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бассейндік схемасы (бұдан әрі - бассейндік СРКПҚС) - тұтас бассейн бойынша немесе қаралатын аумақ бойынша су объектісінің су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау мақсатындағы іс-шараларды белгілейтін құжат;

перспективалық су шаруашылығы теңгерімі - су тұтынушылардың пайдалануына арналған су объектілерінің перспективадағы су ресурстары м ө л ш е р і н і ң б о л ж а м ы ;

жедел су шаруашылығы теңгерімі - судың нақты бар-жоғын жыл сайынғы бағалау және су тұтынушылардың пайдалануына арналған ағымдағы жылдың сулылығына қарай су ресурстарын қайта бөлу.

3. СРКПҚС-ты әзірлеу ұзақ мерзімді перспективада экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешуге бағытталған бағдарламалық құжаттарға н е г і з д е л е д і .

4. СРКПҚС-та қаралатын аумақтар мен негізгі өзендер бассейндері бойынша су ресурстарының сандық көрсеткіштері көрсетіледі, су объектілерінің экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық жай-күйі ескерілетін су тұтыну л и м и т т е р і б е л г і л е н е д і .

5. Су көрсеткіштері мен суға перспективалық қажеттілікті бағалау суды

мемлекеттік есепке алу, су кадастры мен су объектілері мониторингінің деректері негізінде жүзеге асырылады.

6. СРКПҚС орта мерзімді үш жылдық кезеңдер бөліп көрсетіліп, кемінде 15 жылдық ұзақ мерзімді кезеңге әзірленеді.

7. Басты және бассейндік СРКПҚС, су шаруашылығы теңгерімдері республикалық бюджет қаражаты есебінен әзірленеді.

8. СРКПҚС әзірлеуді су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес су шаруашылығы бейініндегі ғылыми және мамандандырылған жобалау ұйымдарын тарта отырып конкурстық негізде жүзеге асырады.

9. Министрліктер, ведомстволар мен ұйымдар уәкілетті органның сұратуы бойынша су өнімдері түрлерін өндіру мен бөлу - су тұтыну сарқынды сулардың жекелеген санаттары бойынша су бөлу әрі ластаушы заттарды су объектілеріне шығару көлемдері, аумақтық-бассейндік бөліністе су жіберу режимдері мен оның көлемі жөнінде мәліметтер ұсынады.

2. Басты СРКПҚС-ты әзірлеу мен бекіту тәртібі

10. Басты СРКПҚС өңірдің/бассейннің әлеуметтік-экономикалық дамуы болжамы мен табиғи факторлар тепе-теңдігін сақтау ескеріле отырып, егжей-тегжейлі зерттеулер мен техникалық-экономикалық деректер нұсқаларын салыстыру негізінде су шаруашылығы проблемаларының кешенді міндеттерін шешу мақсатында әзірленеді.

Басты СРКПҚС әзірлеу мерзімі 3 жылдан аспауы тиіс.

11. Басты СРКПҚС жобасын уәкілетті орган Қазақстан Республикасының экономика және бюджеттік жоспарлау, индустрия және сауда, энергетика және минералдық ресурстар, көлік және коммуникациялар, денсаулық сақтау, жер ресурстары, қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органдарымен міндетті түрде келісуі шартымен әзірлейді.

Басты СРКПҚС жобасы басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен келісілуі мүмкін.

Басты СРКПҚС жобасы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізіледі.

12. Уәкілетті орган Басты СРКПҚС жобасын ол бекітілгенге дейін жұртшылықтың талқылауына шығаруды қамтамасыз етеді.

13. Басты СРКПҚС жобасын белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Бассейндік СРКПҚС әзірлеу мен бекіту тәртібі

14. Уәкілетті орган олар бақылайтын аумақтар қаралатын бассейнге кіретін жергілікті атқарушы органдардың, қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын пайдалану, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы аумақтық органдардың ұсыныстарын ескере отырып, су шаруашылығы, экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды талдау негізінде Бассейндік СРКПҚС әзірлеу жоспарын жасайды және бекітеді.

15. Бассейндік СРКПҚС әзірлеу жоспары негізінде әрбір бассейндік су шаруашылығы басқармасы өзі бақылайтын аумақта бассейндік СРКПҚС әзірлеу жөнінде ұсыныстар дайындайды.

16. Бассейндік СРКПҚС ұсыныстарында мыналарды:

- СРКПҚС-та қаралатын бассейн мен әкімшілік аумақтар қажеттіліктеріне сай тұрақты су пайдалануды;

- бассейн мен тиісті аумақтардың жер беті және жер асты суларын оңтайлы жай-күйге жеткізу әрі сол күйде ұстау;

- Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда көзделген міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ететін іс-шаралар туралы ақпарат қамтылуы тиіс.

17. Бассейндік су шаруашылығы басқармалары уәкілетті органға бассейндік СРКПҚС әзірлеу жөнінде ұсыныстар береді, оларда бассейндік кеңеске қатысушылар мен жұртшылық ұсынымдары көрсетілуі тиіс.

18. Бассейндік су шаруашылығы басқармаларының ұсыныстарының негізінде уәкілетті орган су шаруашылығын дамытудың негізгі бағыттары, су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғау ескерілген бассейндік СРКПҚС әзірлейді.

Трансшекаралық су объектілеріне арналған бассейндік СРКПҚС Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттар талаптары ескеріле отырып әзірленеді.

Бассейндік СРКПҚС әзірлеу мерзімі 2 жылдан аспауы тиіс.

19. Бассейндік СРКПҚС жобасын уәкілетті орган олар бақылайтын аумақтар қаралатын бассейнге кіретін жергілікті атқарушы органдармен, қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын пайдалану мен қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы аумақтық органдармен келіседі.

Бассейндік СРКПҚС жобасы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптама жүргізіледі.

20. Бассейндік СРКПҚС-ты уәкілетті орган бекітеді.

4. Су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеу тәртібі

21. Су шаруашылығы теңгерімдері су объектілері бассейндері, экономикалық аудандар және тұтас ел бойынша су ресурстарының бар-жоғын және оларды пайдалану мүмкіндіктерін бағалау мақсатында әзірленеді.

22. Су шаруашылығы теңгерімдері жедел және перспективалық болып б ө л і н е д і .

23. Су объектілері бассейндері бойынша жедел су шаруашылығы теңгерімдерін әрбір жылдың қорытындысы бойынша бассейндік су шаруашылығы басқармалары әзірлейді және келесі жылдың сәуір айынан кешіктірмей уәкілетті орган бекітеді.

24. Тұтас ел бойынша перспективалық су шаруашылығы теңгерімі басты СРКПҚС-тың құрамдас бөлігі болып табылады және оның құрамында бекітіледі.

25. Жекелеген су объектісі бассейнінде қолайсыз ахуал қалыптасқан жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі су тұтынушылар арасында су ресурстарын қайта бөлу әрі жаңа өндіргіш күштерді орналастыру мүмкіндігін анықтау мақсатында тиісті су объектісі бассейнінде перспективалық су шаруашылығы теңгерімін әзірлеу туралы шешім қабылдауы мүмкін.

Осындай перспективалық су шаруашылығы теңгерімі осы Ереженің 19, 20-тармақтарында көзделген тәртіппен әзірленеді және уәкілетті орган бекітеді.

Қолайсыз ахуал қалыптасқан жекелеген су объектісі бассейнінде осындай перспективалық су шаруашылығы теңгерімін әзірлеуге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес су шаруашылығы бейініндегі ғылыми және мамандандырылған жобалау ұйымдары тартылуы мүмкін.

5. СРКПҚС-ты нақтылау және қайта қарау тәртібі

26. Бекітілген СРКПҚС олар бекітілгеннен кейінгі әрбір 3 жылдан сиретпей нақтылау және толықтыру рәсімінен өткізілуі тиіс.

27. СРКПҚС-ты нақтылау және толықтыру осы ережеде белгіленген мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың қатысуы туралы талаптар сақталып, жүзеге асырылады.